

БЕК ТОГЫСБАЕВ

---

# ТАСКЫН

*пьеса-лар*



БЕК ТОҒЫСБАЕВ

# ТАСҚЫН

пьесалар

Алматы  
„Өнер“  
1985

Қаз 2  
Т 50

**Тоғысбаев Бек**

Т 50 Тасқын: Пьесалар.— Алматы: Өнер, 1985.— 256 бет.

Белгілі қаламгер Бек Тоғысбаевтың бұл кітабына бірнеше драмалық шығармалар жинақталған. Бұларда ел өмірінің елеулі-елеулі кезеңі, сол тұстардағы адам тағдыры суреттеледі. Замандастарымыздың жан дүниесі терең бейнеленген. Жинақтағы пьесалар сахна төрінен көрінуге лайық.

Рецензенттер Р. Тоқтаров, Н. Төлеупов

Қаз 2

Т  $\frac{4700000000-098}{409(05) 85}$  — 32—85

© «ӨНЕР» БАСПАСЫ, 1985

## АЙТЫС

(Ақын Сара)

Екі бөлімді, бес көріністі  
драмалық поэма

### Қ а т ы н а с у ш ы л а р

Сара Тастанбекқызы	— 15—17 жаста
Жайсаңбек	— ағасы, 22 жаста
Жанбике	— шешесі, 40 жаста
Біржан сал	— ақын, 55 жаста
Тұрысбек	— қажы, 60 жаста
Арнай	— болыс, 28 жаста
Шәріп	— ақын, 37 жаста
Жиенкүл	— қажы аулының малшысы, 40 жаста

Сараның, Біржанның нөкерлері, ауыл адамдары, қызметші жігіттер мен қыздар.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### БІРІНШІ КӨРІНІС

Ақсудың жарқабақты жағасы. Ышқына соққан жел, алай-дүлей боран. Абдыра бекетінің шеткі жер үйін қар көміп тастаған. Жанбике бүрсеңдеп отын тасып жүр.

Зор денелі Жайсаңбек аяғын бұған өгізшені аркалап әкеліп, гүрс еткізіп тастай салады. Жан-жағына қарап, тың тыңдайды.

Ж а н б и к е

Ойбай-ау, мынауың не?

## Ж а й с а ң б е к

Тс-с... түк үндеме!

### Ж а н б и к е

Қайным-ау, мына өгізді қайдан алдың?

Ж а й с а ң б е к *(кекетін)*.

Өрісте тұрған жерден байлап алдым...

*(Байсалды күйге келіп.)*

Жеңеше, қайдан алдың дерің бар ма?  
Әлде, соғым байлаған жерің бар ма?  
Боранда бай малынан жыра тарттым,  
Қорықпай құлаймын деп қия жарға!

Әйтпесек суықта аштан өлеміз де,  
Сұм тағдыр тәлкегіне көнеміз бе?  
Тастанбек тірі тұрса, болар еді,  
Баста үй, жылы киім денемізде!

Қара су қазандағы ас бола ма?  
Тірі жан тамақ ішпей тас бола ма?  
Мені қой,

Аш бөріше жан бағармын,  
Обал ғой қолыңдағы жас балаға!  
Қажыдан қысқы соғым сұрап көрдім,  
Жаздайғы еңбекті айтып жылап көрдім.  
Тіл қатпай жалғыз ауыз, теріс айналды,  
Кірмедім сонда астына қара жерді!

Бұл не өмір?

Аш-арық боп жылдан-жылға,  
Еңбекке ала алмайсың ақы-пұл да!  
Үлкені болғаннан соң малшылардың,  
Қарайды оқты көзбен Жиенқұл да.

Әуелі Жиенқұлға өзім бардым:  
«Ағайын, қарайлас!»— деп қолқа салдым.  
«Жайсаңбек! Борышыңа не төлейсің?»—  
дегенде,

қортық құлға қайран қалдым.  
«Жиенқұл, сен де кедей, мен де кедей,  
Бағамыз қажы малын күн-түн демей.  
Сен менен қандай борыш сұрамақсың?!»—  
деп едім,

Қатуланып қалды үндемей.

Ол көрді мал шетіне барғанымды,  
Сезеді ала өгізді алғанымды.  
Ізіме неге түсіп қумады екен,  
Бір сұмдық бар-ау үнсіз қалғаныңда!  
Тәуекел!

Не болса да шыдап көрдім...  
Жеңеше, қазан көтер!

Бір тоялық,  
Кедейдің бір тойғаны — байығаны!

Сахна қараңғыланады.

Дүлей боран үдей соғып басылады. Жер-дүние ағарып, таң атып келеді. Бір аяғы ақсақ, құныс Жиенкұл екі стражникті, камшы, сойыл көтерген үш қазақты ертіп келеді.

### Ж и е н қ ұ л

Қайда өгіз? Жоқ тіпті, тығылар бұта да.  
Көрмеймін қан-жынын, оны жер жұта ма?

Қорықпай,  
Бай малын  
Қалайша қақты екен?  
Жасыру амалын  
Қайтіп ол тапты екен?

Қолындағы ұзын сойылын қарға шаншып көреді. Кенет сойыл ұшы қатты бірденеге тіреледі.

Әй, бәлем! Біліп ем,  
Қар астына тығарыңды!

Жігіттерге иек қағады.

Тез аршыңдар!  
Шығарма үнді

Қар астынан ала өгіздің терісі шығады. Жиенкұл оның бетін қайтадан қармен жауып қояды. Жігіттердің біріне.

Атқа қон!  
Бар да тез,  
Болысқа хабарла!  
Жайсаңбек дес бермес  
Ұрлықтан танарда!

Өлгі жігіт: «Құп!»— дейді де, атына мініп шауып кетеді.

Ал, Иван, көрдің ғой.  
Жаза бер актіңді!  
(Кенет ойға беріліп.)

Қашанғы осылай  
Құл болып өтемін?  
Біреумен қосылмай,  
Қор болып кетемін?!

Қырыққа келгенше,  
Қу тізе құшақтап,  
Жүрем бе?  
Болмайды!  
Құратын торым көп!..  
Әркімдер ойлайды:  
Адамның қоры деп.  
Намыс бар менде де.  
А, құдай!

Қуат бер  
Жұмыр бас пендене!  
(*Тұрған қазақтарды шақырып алады.*)  
Ағайын!

Бері кел,  
Ақылға ақыл қос!  
Кездесті қылта жер,  
Жәрдемдес, болсаң дос!  
Айналам — ағайын,  
Сегізбіз атадан!  
Қажыға барайын,  
Салмақ сап қайтадан.  
Қажының малы көп,  
Бәрі де уыста!  
Бізсіз бір күні жоқ —  
Ойланшы, туысқан.  
Тер төктім отыз жыл  
Малының соңында!  
Бір басқа аз ба бұл?!  
Кигем жоқ тонын да!  
Еңбегім көп екен,  
Ойланып қарасам.  
Қалыңмал төлесін,  
Қай қызды қаласам!

#### Жігіттердің бірі

Қажы: «Құп!» — десін-ақ,  
Айттырар қыз қайда?..

Ж и е н қ ұ л  
Ертең-ақ бой жетер,  
Осы үйдің қызы бар.  
Не керек сөз бекер,  
Жөнім бар қызығар.

Айтам да иеме,  
Салмақты саламын.  
Қыз бекер тие ме,

Тап осы — амалым!  
Жайсаңбек ұсталса,  
Бұл үйде — күн қаран!  
Адымы қысқарса,  
Мен қалай құр қалам?!  
Қиетін киімі,  
Ішетін асы жоқ.  
Келіп тұр қиюы,  
Сөз бітті, көңіл ток!

Арнай болыс келеді.

А р н а й

Аман ба, Жиенқұл?!  
Таң атпай бұл не шу?

Ж и е н қ ұ л  
Мал ұрлап жеп отыр,  
Жайсаңбек — кәззап қу!

А р н а й

Не дейді? Мал кімдікі?

Ж и е н қ ұ л

Қажынікі!

А р н а й  
Тінтіңдер!

*(Тұрғандар жер үйдің есігін жұлып ашып, ішке кіреді.  
Арнай өзіне.)*

Жайсаңбек тағы да  
Іс істепті асқындайтын.  
Қажының малына  
Қасқыр да қас қылмайтын!  
Қолтығы астына  
Кіргеннің бірі едім,  
«Көңілін қалай да  
тапсам», — деп жүр едім  
Тұрысбек қойдырған  
Болыс қып мені де!  
Қарнымды тойдырған  
Бай екен елі де!  
Жалшысын жығып сап,



Айыбын төлетсем!  
Асауға құрық сап,  
Алдынан бір өтсем!

Жер там жақтан айғай-шу, сыңсыған дауыс естіледі. Үйден үрпінсіп Жанбике мен Сара шығады. Іле-шала жұлқынып, жыртық тонын иығына ілген Жайсаңбек көрінеді.

Ж а й с а ң б е к

Болыс-еке, қастық па  
Тінтігенің таң атпай?!  
Өлер болдық аштықтан,  
Тышқан мұрнын қанатпай!

А р н а й

Иә, Жайсаңбек! Тағы да  
Кезің кепті ұсталар...

Ж а й с а ң б е к

Оллаһи! Алғам жоқ.

А р н а й

Ұрыда «алла» жоқ!

Ж а й с а ң б е к

Дәлел, кәне?

Ж и е н қ ұ л

Терісі эне!  
Білем уақ-ірісін  
Қажекем малының,  
Ала өгіз терісін  
Көрдім де таныдым!

Ж а й с а ң б е к

Ойлағам жоқ ұрлауды,  
Аштықтан ми шатысты!  
Сойған болсам бір малды —  
Еңбегімнің ақысы!

## А р н а й

«Ақы-мақы»...  
Дауыңды  
Заң алдында айтарсын.  
Ал, әзірше «ұры» деп.  
Абақтыға жабамыз.  
Қиқаңдасаң қырын кеп,  
Тағы статья табамыз!

## Ж а й с а ң б е к

Өлмеу үшін қам жеген,  
Абақтыға жата ма?  
Ақыға мал бермеген...  
Бар ма осындай законда?!

## А р н а й

Серпе алмайсың күмәнды,  
Закон саған не керек?  
Көбейтерсің күнәнды,  
Қаза берсең термелеп!

## Ж а й с а ң б е к

Сұрап тұрмын әділет!

## А р н а й

Әл білмейтін сен әлек!  
Несіне жетісіп,  
Жайсаңбек, есірдің!  
Қажымен кетісіп,  
Көбейттің кесірді!  
Көрместей қажы алдын  
Келмеске кетіп ең:  
Өлуге айналдың,  
Десең де: «жетілем».  
Орыстың егінін  
Еккенмен не таптың?  
Киіпсің кебінін  
Қу маңдай жатақтың!  
Жыл сайын ақ жауын  
Жаумасын білмедің...

Сылтаулап мал дауын,  
Қажы аулын тілдедің!  
Қажымен егесте  
Талайлар мерт болған!  
Қасқыр да жемес пе,  
Жемтігін шет жолдан!  
    Сен, ақымақ, «көкжалсып»,  
Кіріпсің қотанға.  
Ұрының «олжасын»  
Көтермес закон да!  
    Ал енді өкініп,  
    Тұруын қобалжып!  
Жылай бер өкіріп,  
Өзіңе обал жоқ!  
Ұстандар, байландар  
Көкжалдың ірісін!  
Алға сап айдаңдар,  
Түрмеде шірісін!

*(Екі стражник Жайсаңбектің қолын байлап алдыға салады. Арнай мырс етіп.)*

Болар қысың, жазың мұң!

Ж а й с а ң б е к

Итаршысы қажының!

### ЕКІНШІ КӨРІНІС

Тұрысбек қажының аулы. Қілем жапқан төсек үстінде жібек шапан жамылып, зер тақиялы қажы отыр. Әдемі жас келіншек жұмсақ басып келіп, алтын жалатқан ыдыспен қажыға қымыз береді.

Қ ы з м е т ш і ж і г і т  
Болыс аға келе жатыр.

Т ұ р ы с б е к

Кірсін.

Жігіт те, келіншек те шегіншектеп шығып кетеді.

А р н а й  
*(іліп сәлем беріп.)*

Ассалаумағалайкум, қажы аға!  
Елімнің ырыс, құты, жағы аға!  
Арнайы шақыртыпсыз, келдім міне,  
Бересіз қандай бұйрық тағы маған?

## Т ұ р ы с б е к

Рақмет, пейіліңе, Арнай балам,  
Басы артық керек емес жағдай маған.  
Ағайын, ел арасы тату тұрса,  
Жыл сайын байлық тасып, артар бағам.  
Әр қилы адамзаттың діні, тегі,  
Жылы сөз жансызды да тірілтеді.  
Назарға ілінбеген бір құмалақ  
Бір қарын сары майды шірітеді.  
Сондықтан демей: «Бәрі надан халық»,  
Әркімге қараған жөн назар салып...  
«Мен-дағы қызық көргім келеді»— деп,  
Жиенқұл сөз салып жүр мазамды алып!

## А р н а й

Естідім, маған да сол жетті хабар,  
Біледі ол қылта жерді пайда табар...  
Аулы жетпіс үйлі малшы-жалшы,  
Қажы аға, жөні бар-ау қолқа салар.

## Т ұ р ы с б е к

Жиенқұл ұстар жерін жаңа тапты,  
Қу неме ішкі есептен жаңылмапты,  
Кембағал болса-дағы, керек адам —  
Отыз жыл осы ауылдың малын бақты.  
Іс болды ойламаған бұл тосыннан,  
Шақырдым ой қоссын деп сені осыған...  
Бар дейді Тастанбектен қалған бір қыз,  
Жиенқұл дәметіп жүр, деп: «Қосылам!»

## А р н а й

Түсіндім сөзіңіздің байыбына...  
Жайсаңбек не төлейді айыбына?!  
Қажы айтса, Жиенқұлға Сара лайық,  
Жетім қыз бара алмайды бай ұлына!

## Т ұ р ы с б е к

Қиын-ау... жетім бала, жесір қатын...  
Оларға емес пе едің сен де жақын?

## А р н а й

Оларға емеспін ғой мен жат адам,  
Тастанбек қосылады төрт атадан.

## Т ұ р ы с б е к

Ендеше істің жөні келіп қалар,  
Татулас Жайсаңбекпен сен қайтадан.  
Деп айтқын: «Қажы сені босатады,  
Кешірім қылмысыңа жасатады...  
Арасы ағайынның ушықпасын,  
Заман өтті тасадан тас ататын!»  
Тағы да айт: «Қажы аулы шақырады,  
Көнбесең, су түбіне батырады»...  
Жайсаңбек болсын менің бас жылқышым,  
Жеңгесі жеке үй тігіп отырады.  
Жайлап айт өзің барып Жайсаңбекке,  
Түсінбей туламасын тектен-текке...  
Сараны атастырып Жиенқұлға,  
Ауылға көшіп келсін, шықпай шетке.

## А р н а й

Қажымен құда болса, арманы не?!

## Т ұ р ы с б е к

Бір үйір қалыңмалға арнады де!

## А р н а й

Бір үйір?! Көп емес пе ол арсызға?

## Т ұ р ы с б е к (мырс етін)

Ұзаққа шаппайтын ат болар қызба!  
Қызмет етсе, жалшыдан аярым жоқ...

## А р н а й

Ақылдың мұнша кеңі боларсыз ба?

## Т ұ р ы с б е к

Әр істі ойлап істе, Арнай балам,  
Қең болсаң, кемдік көріп, кетпес баған.  
Бір үйір жылқы ұшады боранға да,  
Мен үшін ең алдымен керегі — адам!

### А р н а й

Сіздің сөз асыл тартар айтқан сайын,  
Мен енді, қажы аға, аттанайын.  
Қайтейін, тілі тисе көтерем де,  
Жайсаңбек ие болды малға дайын.

Арнай кетеді.

## Т ұ р ы с б е к

Е, шырақ, не білесің, басың шикі,  
Бұл өмір — сендер үшін ойын-күлкі,  
Көрер ем әуселеңді,  
Ерегіспен  
Болса егер елдің іші ұйқы-тұйқы,  
Іс қылып әрқашанда оймен зерек,  
Халықты құр бекерге қыспау керек...  
Бақ-дәулет тостағанға толған қымыз,  
Ыдысты төкпей-шашпай ұстау керек,  
Саудаға болса-дағы қанша шебер,  
Сақтанып епті кісі, есеп білер,  
Осынша байлық-дәулет қайдан келді —  
Жайсаңбек, Жиенқұлдар болмаса егер?!

## ҮШІНШІ КӨРІНІС

Көктем. Жер-дүние құлпырған. Алатау етегінің қалың қары еріп, Абдыра бекетінің ағаш үйлері жалаңаштанған. Жасыл беткейдің сәнін кетіріп тұрған — сонау жер үйлер. Он бес жасар Сара төбе басында шөпшек тере жүріп, ыңылдап ән салады.

Жанбике есік алдында киім жамап отыр. Сара төбеден жүгіріп түсіп, еркелеп шешесінің мойнынан құшақтайды.

### Ж а н б и к е (күрсініп)

Көрдік, міне, көктем айын,  
Арыла ма қайғы-уайым?!  
Жесір менен жетім жайын

Кімге айтам? Не қылайын?!  
Күн жылынып, біз тірілдік,  
Тышқандаймыз іннен шыққан.  
Бір жалғанып, бір үзіліп,  
Үміт көзден бұлбұл ұшқан.  
Ертеңді де көп ойлаймын,  
Құр бекерге жылай берем,  
«Кім жарылқар»,— деп ойлаймын,  
Бізді ұмытты құдай неден?!

С а р а

Аруақты шақырғанмен  
Пайда жоқ қой, жылама, апа!  
Құдайыңа бас ұрғанмен,  
Отырсыз ғой болып қапа!

Ж а н б и к е

Күн көреміз қайдан алып  
Киер киім, ас-тамақ жоқ...  
Қажы аулына қайта барып,  
Күң болмасақ — басқа амал жоқ!

С а р а

Отпен кіріп, күлмен шығып,  
Жүрдік көп жыл алданып та...  
Асыраймын өз күшіммен,  
Бай орысқа жалданып та!

Ж а н б и к е

Уайым жанды жейді екен,  
Ұмытылып ауырған да.  
Жалғыз үміт — сенгенім сен,  
Қатпай тұр ғой қабырғаң да.  
Түрлі ой торлап жүр, білемін,  
Берік емес босағаң да...  
«Сақта, құдай!»— деп тілеймін,  
Арқа сүйер жоқ ағаң да!

## С а р а

Босқа күйді жан ағам,  
Ой қосшы, апа, ой азда...  
Барып келсем қайтеді,  
Арыз айтып оязға!

## Ж а н б и к е

Көңілімді өсірді —  
Талабыңнан айналдым!  
Біздей жетім-жесірді  
Ояз тыңдар қайда күн?!  
Барып едім Тұрысбекке,  
Босатуға асықпады.  
Соны естіп Жайсаңбек те.  
Көңілі шошып, жасып қалды.  
Қажы көрсе, не дер еді,  
Ағаң тіпті жүдеу екен...  
Жыламсырап дей береді,  
«Бостандыққа қашан жетем?!»  
Қу жалғызды босатуға  
Біздің қолда қандай күш бар?  
Әлсіздерді зарлатуға  
Әлі барлар неге құштар?!

Арнай болыстың алдында Жайсаңбек келе жатыр. Киімі түзелген, бірақ өңі жүдеу. Сара: «Аға!» — деп алдынан жүгіріп шығады. Жиен-құл Сараға сұқтана қарайды.

## А р н а й

Уа, жеңеше, қабыл алғын  
Көптен күткен қайыныңды!  
Босаттырдық абақтыдан,  
Төлетпей-ақ айыбын да.

## Ж а н б и к е

Уа, жасаған, рас па бұл?!  
Деп ем баста: «Кесір — сенен»...  
Келді кімнен бұл жақсылық,  
Құдай ма әлде есіркеген?



## А р н а й

Алла да риза, аруақ та риза.  
Мейірі түсті Қажекеннің...  
Ол кісінің білмейсіндер  
Көңілі көктем, жаз екенін.  
Шынын айтсақ, ақ патшаның  
Ұрыларға жазасы көп...  
Іздеп барып, жайын білсем,  
Жайсаңбектің мазасы жоқ.  
Есіркедік қайныңызды,  
Болса-дағы жаза қатты.  
«Қорламаңдар,— деді қажы,—  
Жайсаңбектей азаматты!»

## Ж а н б и к е

Не айтайын мен сендерге,  
«Алла риза болсын»,— деймін.  
Есіркесең жетімдерді,  
«Бақ дәулетің толсын»,— деймін.

## А р н а й

Қажы сізге сәлем айтты,  
Деді: «Елден шеттемесін!  
Көшіп келсін өз аулына,  
Жинап алсын кеткен есін.  
Өз алдына қос тігемін,  
Алдына да мал саламын»,—  
деді қажы.

Мейіріміне,  
Сіз түгіл, мен тамсанамын!

## Ж а н б и к е

Қажы айтса — қандай шара,  
Мені қойшы, көнемін де!  
Бірақ осы жақсылықтың  
Бар емес пе төлеуі де?

## А р н а й

Сабыр, жеңгей, тауысқам жоқ,  
Жақсылығын қажекемнің,  
Білмей тұрсыз, ол кісінің

Мейірімі мол екенін.  
Негізгі ой түпте жатыр,  
Артық сөз бар мұнан да әлі,  
Қажы отыр өзіңізбен  
Боламын деп құдандалы!

Ж а н б и к е

«Құда» дейді? Менімен бе?  
Бұл не тағы, сығыр құдай?  
Жесір қатын оған тең бе?  
Тастанбек жоқ бұрынғыдай.

А р н а й

Өлгеніне он жыл өтті,  
Бастан бақыт ұшып кетті.  
Қажы өзі қамқор болса,  
Жоқтатпайды Тастанбекті!

Ж а н б и к е

Кімге құда түсерін де  
Қажекем білмейді екен...  
Не қылады тұл кедейді,  
Байдың қызын ілмей ме екен?!

А р н а й

Қажы төгіп мейірімін,  
Мал береді матастырып...  
Саражанды қою керек,  
Жиенқұлмен атастырып!

Ж а н б и к е

Не дейт, ойбай! Мынау не сөз!  
(Жиенқұлға.)

Қыз айттырған сен бе, құдам?!  
(Жайсаңбекке.)

Ойбай, неге үндемейсің,  
Келістің бе сен де бұған?!

Жайсаңбек теріс қарады Сараны құшақтап жылайы

## А р н а й

Дәнеңе жоқ шошитындай,  
Тәубе дендер енді бұған!  
Қыз айттырған Жиенқұлға  
Қажекемнің өзі — құдан!

## Ж а н б и к е

Жетімдердің көз жасынан  
Қорықсандаршы,  
Құдай қайда?!  
Аруағы атып Тастанбектің,  
Тауы үстіме құламай ма?!

## А р н а й

Уай, жеңеше, қажекемнің,  
Құтылмайсыз құрығынан.  
Ұстасаңыз, енді өлмейсіз,  
Жиенқұлдың жұлығынан.

## С а р а

Әлденендей арам оймен  
Өз анамды «жеңге» деме!  
«Ықтиярың бар ма?» деген  
Сөз тартпайсың менен неге?  
Баға кесіп, жарататын,  
Базардағы пұл емес — қыз!  
Көрінгенге қосақтайтын,  
Құлақ кесті құл емеспіз!  
Осы іспен жүргеніңе,  
Арнай аға, қатты ұялдым!  
Өлсем-дағы Жиенқұлға  
Баруға жоқ ықтиярым!  
Басынбасын, білсем-дағы  
Бақытымның аз екенін!  
Жеткізіңіз осы сөзді  
Дәл өзіне қажекемнің...

Жүгіріп шығып кетеді.

## Ж а н б и к е

Қандай өмір кез болады,  
Жаңа ашылған гүлім едің...  
Жарығымнан айрылғанда  
Қандай болар күнім менің?!

### А р н а й (Жиенқұлға)

Саспа, жиен, Сара жас қой,  
Басылмаған арыны әлі,  
Шешесі де жуасиды,  
Қолға тисе қалыңмалы.

### Ж и е н қ ұ л

Шеше, бекер болма қапа,  
Сара көңілін жасытпаймын.  
Он жетіге толсын балаң,  
Мен әзірше асықпаймын.  
Он жетіге толсын Сара,  
Өткізерміз жайлап тойды.  
Ал әзірше,  
Екі қара  
Қораңызға байлап қойдым!

### А р н а й

Ал, жеңеше, біз аттандық,  
Оңашада ойланғайсың...  
Қажекеммен құда болсаң,  
Өмір бақи қор болмайсың!

Арнай мен Жиенқұл кетеді.

## Ж а н б и к е

Уа, жасаған, зар еңіретпей,  
Алсаң етті мендей тұлды!  
Бізден артық көретіндей,  
Қайдан таптың Жиенқұлды?  
Біз не жаздық, уа, жасаған,  
Көздің жасын көл еткендей?  
Кім бар еді алды-артымда  
Сая болар жебеп сендей?

Қайыным-ау, сен көндің қалай,  
Көрмейсің бе жарымжанды?!  
Саражанды жылатуға  
Қалай ғана арың барды?!  
Қыз әкесін алып құдай,  
Аз ба менің аңырағаным?!  
Қалай ғана дәтің шыдап,  
Аттап келдің аға аруағын!

### Ж а й с а ң б е к

Жарық дүние неткен қызық,  
Кейде аш болсаң, кейде тоқсың...  
Менің көңілім саған жұмбақ —  
Абақтыны көрген жоқсың.  
Жарық күнге зәру еткен,  
Абақты іші азап екен.  
Тар қапаста жатқан адам  
Тышқанға да мазақ екен!  
Бостандықта жүрген кезде  
Елемеуші ем жалғыздықты.  
Шеккенде азап, қия алмадым  
Жас өмірді — бар қызықты.  
Тіршілікте білмейді екем  
Бостандықтың баға-құнын,  
Жеткізіп айт Саражанға,  
Оймен ұқсын аға мұңын.  
Қандай өмір кешсем-дағы,  
Ойлаушы едім жасымауды.  
Сұм тағдырдың соққысынан  
Белім сынды, есім ауды.  
Кінә қойма, бұрын от ем,  
Енді, міне, сөнген шоқпын...  
Менің көңілім саған жұмбақ —  
Абақтыны көрген жоқсың!

### Ж а н б и к е

Жүргеніме зар болам ба,  
Бірде жылап, бірде күліп...  
Жан алқымға алғаның ба,  
Андып жатқан ит тіршілік?

## ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Тұрысбек қажының аулы. Алыстан ақ шаңқан үйлер көрінеді. Шеткі қара үй Сара мен Жанбикеге тігілген.

Жоңғар Алатауының қарлы шындарын күміске малып, күн еңкейіп барады.

Сара көк шалғынға жайылған кілем үстінде құрбыларының, жеңгелерінің ортасында домбырамен өлең айтып отыр.

### С а р а

Болдым да жетім қызы Тастанбектің,  
Зардабы жоқшылықтың жастай өтті.  
Он бесте өміріме ор қазылып,  
Бұл күнде біздің билік бастан кетті.  
Талпынып ұша алмадым балапандай,  
Басыма бақ қонбады алақандай.

Құрбылар, сыртым бүтін, ішім түтін.  
Сыздатқан жас жүректі жара қандай!  
Қолыма домбыра алып, зар илеймін,  
Үндей ботасы өлген нар інгеннің.  
Жетімді кім тыңдайды бағы өшкен,  
Еліме арыз айту — бар білгенім.  
Өмірдің қызығынан құр қалам ба?  
Он бесте домбыра алып зар иледім,  
Жылаған жалғыз мен бе бұл жалғанда!  
Өлеңім жүрегімде тасығанда  
Төгемін — тез айтуға асығам да,  
Қу заман көңілімді баса берсін,  
Жалғанда аз ба иығы басылғандар!  
Өмірде көп қой көңілі басылғандар,  
Тағдырға көңілі қалып ашынғандар.  
Қашаннан тұңғиыққа кеткен батып,  
Қайғысын ішке бүгіп жасырғандар.  
Қайғымды мен елімнен жасырмаймын,  
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.  
Не қалды жасқанатын, аянатын —  
Түнекті тілгілеген жасындаймын!

### Д а у ы с т а р

- Уа, бәрекелді!
- Беу, жалған-ай!
- Жырла, Сара! Аянба!

## Жеңге

Қыздар, тынышталындар! Біздің Сара ақын қыз атанып, топқа түскелі екі жыл болды. Он үшінде қолына домбыра алып, той-думандарда айтысқа түсіп, ауыл ақындарын ілестірмей, адастырып кетті. Енді Сара ұлы дүбірге қосылып, ел ақындарымен сайысуға жарайды. Ол үшін Сараға лайық сән-салтанат керек. Жалпақ елге аты жайылған сал-серілерше киіну қажет Сараға. Сара! Осы отырған құрбы-құрдастарың, апа-жеңгелерің өзара ақылдасып, бар асылымызды бойыңа тұмар етіп тағуды ұйғардык. (*Қыздарға.*) Кәне, салындар ортаға! Киінсін! Киінсін Сара! Құлпырсын! Тұғырдағы бұлбұл құсымыздың үні естілсін шартарапқа!

## Дауыстар

- Дұрыс айтады!
- Құлпырсын Сара!
- Ақыннан аяйтын не бар?
- Ортамыздан шыққан бір қызыл гүл жайнап жүрсін.

Жас әйелдер, қыздар Сараның мойнына моншақ, омырауына алқа, өңіріне тана тағады, құлағына сырға, саусағына сақина салады. Біреуі камзол, біреуі үкілі бөрік кигізеді.

## Сара

(*шаттанып*)

Ризамын, құрбы-құрдас, апа-жеңгем,  
Жан едім жоқшылық пен қапа жеңген.  
Жалғыз-ақ жан қуатым сендерсіңдер,  
Кезімде ой суалып, сана сөнген.  
Сөйлеймін ойым жүйрік, сана барда,  
Байлауын көңіл шіркін таба алар ма?  
Бойыма асыл киім жарасқанмен,  
Жыртығы жүрегімнің жамалар ма?!

Бір қыз жүгіре басып кіреді.

## Қыз

Қыздар, Шәріп ақын келе жатыр! Қасында — Арнай болыс.

## Дауыстар

- Бүгін бір қызық-думан болады десеңші!
- Тоқтандар! Сара не дейді! Шәріпті айтысқа шақырсаң, тартына қоймас!
- Сөйтіп, бағынды бір сынашы, Сара!

## Сара

Шәріп оқыған ақын, менде жөнді білім жоқ қой!

## Дауыстар

- Айтыста оқу жеңбейді, тоқу жеңеді! Қазақтың қара өлеңінен асып қайда барады?!
- Иә, айтыс, Сара!
- Тәуекел!

Қалаша киінген, түрік тақиялы Шәріп пен Арнай болыс келеді.

## Арнай

Армысындар, қыздар! Аман ба, Саражан!

## Дауыстар

Армысындар! Төрлетіңіздер!

Қыздар қонақтарға кілем үстінен орын береді.

## Арнай

Саражан, амансың ба, қарындасым?  
Байқаймын, бүгін өзің бабыңдасың,  
Өкпелеп бет көріспей кетсең-дағы,  
Басыңнан бақыт құсы арылмасын.  
Айта бер өкпең болса, Сара, тағы,  
Ағаңа не айтсаң да жарасады.  
Кім білген сенен ақын шығатынын,  
Жел сөзге әркімдер-ақ таласады.  
Қайтейін, болды солай табиғатың,  
Шариғат әспеттемес әйел затын.  
Оны қой.

Құрметтейік бәріміз де.  
Алыстан келіп отыр Шәріп ақын,